

тілді кісі). Мысалы: *Расын айтсақ, қарапайым колхозшы әйелдер ішіндегі талай-талай от тілді, орақ ауызды, әзіл-қалжыңды шебер айтамын әйелдерді көп көргенбіз* (С. Бақбергенев).

Өткір тілді (кесіп түсер тура сөзді кісі; бетжүзі деп иба етіп жатпас тура айтар тіл). Мысалы: *Өлсем орным қара жер сыз болмай ма? Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма? Махаббат, гадауатпен майдандасқан, Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?* (Абай).

Су жұқпас шешен (сөзден мүдірмейтін ділмар). Мысалы: *Япырай, өзім-өз болғалы дәл осындай су жұқпас шешен адамды көрген жоқ едім* (Б. Соқпақбаев).

Ағып тұрған (1. Жырға жүйрік, сөзге шебер 2. Жалаң (өтірік) сөзді көп айтатын, сылдырсуайт адам туралы да айтылады). Мысалы: *Өзің болсаң, Темекке, Орны бөлек жақынсың. Қос өлкеге тел ерке, Ағып тұрған ақынсың* (Ж. Молдағалиев).

Қызыл тіл (шешен, орамды, жүйрік). Мысалы: *Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл* (Абай).

Аузының желі бар (тілге шешен, сөзге ұста). Мысалы: *Аузының желі бар, Қолының ебі бар* (мақал). (Келтірілген мысалдар ҚТФС-дан алынған – А.Р.)

Бұл топқа адамның интеллектуалдық сипатын танытатын тұрақты тіркестер жатады, олар адамның жаратылысынан немесе уақыт өте келе жинаған білімінен туындап, интеллект мәніне ие болады. Осындай белгілерді айқындау үшін тілімізде жоғарыда келтірілген (интеллектуалдық сипаттағы) тұрақты тіркестер молынан қолданылады.

Байқап отырғанымыздай, адамның интеллектуалдық қызметі мен сипаты сол ақыл-ой иесінің жағымды жақтарын, яғни жоғары саналылық көрсеткішін танытады. Дегенмен, адамзат жаратылысында интеллектуалдық қызмет пен сипат тек жоғары дәрежені емес төменгі (жағымсыз) «көрсеткіште» де болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1977 ж. 712 бет.

References

1 Kenesbaev I.K. Kazak tilinin frazeologiyalyk sozdigi. Almaty: Kazak SSR-nyn «Gylym» baspasy, 1977 zh. 712 bet.

Тілімізде адамның интеллектісі төмен деңгейін танытатын: *ақылсыз, білімсіз, надан, оқымаған, қараңғы, мисыз және т.б.* сын есімдер бар. Осындай мәндегі тұрақты тіркестер де тілдік қолданысымызда кездеседі.

Олар: *миы толмады* (ақыл-ойы жетілмеді), *қараңғы адам* (оқымаған кісі), *надан кеуде/соқыр кеуде* (оқымаған, қараңғы адам), *соқыр сезім* (ақыл таразысына түспеген, ақыл билігінен шығып кеткен көңіл-күй), *соқыр сенім* (білім, ғылымға сүйенбеген, қараңғы дүниетаным), *соқыр тауыққа бәрі бидай* (білмегенге бәрі бірдей; білмегенге жылтырақтың бәрі алтын, білмегенге ақ-қарасы бәрі бірдей деген мағынада), *қуыс бас* (ақылсыз деген ұғымда айтылады), *өресі жетпеді* (білім, дәрежесі, шама-шарқы деңгейлемеді), *ойға олақ [тапшы]* (топас, ойға шорқақ, ойлауға жок; ақылы аз, ақылы келте), *ойсыз құлақ* (надан, еш нәрсеге түсінбейтін топас кісі), *ой таппады* (ойлы, пікірлі адам бола алмады) және т.б. фразеологизмдер. Адамның ақыл-ой, сана-сезімінің төменгі деңгейі – ақылсыздығын білдіретін фразеологизмдер де интеллект мәнді тұрақты тіркестердің қатарын толықтырады.

Сонымен, интеллект мәнді фразеологизмдер көз, ми, тіл сияқты соматикалық атаулар мен ақыл, көңіл, ой сынды абстрактілік ұғымдар тірек қызмет атқару арқылы жасалады. Сондай-ақ интеллект мәнді фразеологизмдердің өзіндік жасалу жолдарын мағыналық ерекшеліктеріне, қолданысына қарай «адамның интеллектуалдық әрекет-қызметін білдіретін және интеллектуалдық қабілетін сипаттайтын тұрақты тіркестер» деп топтастыруға болады. Адамның интеллектісін төменгі көрсеткішпен айқындайтын фразеологизмдер де тілімізде мол қолданысқа ие. Негізінен, адам интеллектісі – терең тілдік талдауды қажет ететін концептуалдық ұғым. Оның (интеллектінің) тек тұрақты тіркестер арқылы берілуі бұдан да кеңірек талдауға негіз болатын қорды қамтиды.

ӘОЖ 82.08:159.9

Г. Сабаева

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ІІ курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: lapochka_29_11_90@mail.ru

Қазақ әдебиетіндегі «психологизм ұғымы» туралы түсінік

Бұл мақалада қазіргі таңда қазақ әдебиетінде әлі толық зерттелмеген психологизм ұғымының қыр-сырын ашамыз. Шығарманың негізгі тірегі – адам баласы болғандықтан, шығарма кейіпкерлерінің жанында болып жатқан сыры мен құбылыстары анықталады. Көркем шығарма кейіпкерлердің құпия терең сырларымен то-лықса, оқырманға әсер беретінін түсіндіріп кетеміз.

Түйін сөздер: психологизм ұғымы, психологиялық аспектілер, кейіпкерлер жан дүниесі, көркем шығарма, жантану, іс-әрекет ұғымы, проза.

G. Sabaeva

The concept of psychology in the Kazakh literature

This article reviews the literature in psychology. Psychology - is the most important aspect in the literature. Psychology - the basic quality, based on the basis of art. All art forms - theater, painting, poetry - are based on the soil and cultivate psychology. Psychology - a source of moral strength and energy of space art. In fact, the expression of mental state of a person passed through works of art. History and experience art show that psychologism the brightest and purest form is embodied in prose. We view the article in the psychology of fiction. The boundary of psychology in prose associated with the wealth of the human soul. Psychological world character is formed on the background of man's relations to the time, the world and nature.

Key words: art, psychology, poetry, character

Г. Сабаева

Понятие психологизма в казахской литературе

В этой статье рассматриваются психологизм в художественной литературе. Психологизм – это важнейший аспект в литературе. Психологизм – основное качество, опирающееся на основу художественного искусства. Все виды искусства – театр, живопись, поэзия – зиждутся и взращиваются на почве психологизма. Психологизм – источник нравственного пространства и энергетических сил искусства. В сущности, психическое выражение состояния человека, переданного посредством произведения искусства. История и опыт искусства показывают, что психологизм в самом ярком и чистом виде воплощается в прозе. Мы рассматриваем в статье психологизм в прозе. Граница психологизма в прозе связана с богатством души человека. Психологический мир персонажа формируется на фоне отношений человека ко времени, миру и природе.

Ключевые слова: психологизм, проза, искусства, художественная литература, персонаж.

Психологизм – адам өміріндегі болып жатқан іс-әрекет, демек психологизм ұғымын адам өмірімен тікелей байланысты десек қателеспейміз. Әрине басты тұлға – адам болғандықтан, оның күнделікті іс-әрекеті, мінез-кұлқы адам өмірінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Адам өмірі дегеніміз не? Бұл жиынтық, нақтырақ айтсақ, бір-бірін алмастырып отыратын іс-әрекеттер жүйесі. Іс-әрекетте объектінің субъективті формасына, образға өтуі жүзеге асырылып, сонымен қатар іс-әрекетте объективті нәтижелеріне, өнімдеріне айналуы орын алады. Осы жағынан алғанда іс-әрекет процесс ретінде көрініп, онда субъект-объект өрістері арасында өзара ауысу жүзеге асырылады.

Әрбір әдеби туындыда, фольклорлық жыр үлгілерінде, Орхон Енисей ескерткіштерінде де психологизм ұғымы табылған. Біз психологизм ұғымын әдебиеттен бөліп қарай алмаймыз, себебі психологизм әдебиет пен психология ғылымын жалғастырып тұрған дәнекер ұғым десек те болады. Бұл әлемде барлық ғылымдар бір-бірімен тығыз байланыста, ал психология ғылымы әдебиетпен жақынырақ байланыста. Себебі көркем шығарманың негізгі объектісі-адам болып табылады. Адамның қайғырғаны, күлгені, күйіп-піскені, жүріс-тұрысы, мінез-кұлқы бәрі де көркем шығармада ап-айқын беріледі. Бұл қасиеттер мен сезімдер берілмесе, сол көркем шығарманы оқып отырған оқырман кейіпкерді тани алмайды, оны сезіне алмайды,

себебі оқырман көркем шығарманы оқып жатып, кейіпкер қуанса – қуанады, қайғырса – қайғырады.

«Психологизм, сөз жоқ, реализмге апарар сүрлеу екені мәлім. Рас, ол әртүрлі көркемдік әдістер шеңберінде көркемдік-эстетикалық қызмет атқарады. Әйтсе де, нағыз реалист әдебиетте ғана психологиялық талдау нақты мазмұн тауып, жүйелі стильдік міндет атқарады. Бұған дүние жүзілік әдеби процесстің даму заңдылықтары мен тарихы куә» [1,6]. Психологизм мен реализм арасында өткел жоқ, бір-бірімен байланысын үзе алмайтын ұғымдар. Адам жан-дүниесінің негізінде адам бет-пердесі ашылады, демек, адамды жақыннан тани аламыз. Реализм – шындықтың негізгі бастауы.

Психологизм – әдебиеттану термині. Қазақ әдебиетінде енді ғана дамып, қанат жайып келе жатқан сала. Қазақ әдебиеттануында осы саламен айналысқан ғалымдарды атап өтетін болсақ: Б.Майтанов, Г.Пірәлиева, Г.Ержанова т.б.

Жазушылар өз шығармаларындағы кейіпкерлерінің мінез-құлқын жан-жақты ашуға тырысады. Жазушы тілінің шеберлігі арқасында біз кейіпкерлерді сан түрлі қырынан тани аламыз десек те болады. Мысалы: «Сорлы Ақбілек! Сен жыламай кім жыласын! Тас емшегін жібіткен, тар құрсағын кеңіткен, аруанадай анаңнан айырылдың. Келешектегі бақытты өміріңнің кілтіндей көріп, сары майдай сақтаған алтын қазынаннан айырылдың! Ар-ұятың төгілді, адамшылығың жойылды. Жас нәуетек жүрегің – соқпай жатып өрт болды. Жаңа піскен жауқазын – піспей жатып жоқ болды. Шамшырақтай жас жаның-жанбай жатып шоқ болды. Есіл ерке балалық – аяққа құйған астайын шолтаң етті – тоқталды. Жыла жасың бұла! Жасыңмен қайғы жуылсын! Жасыңнан теңіз жиылсын!» Бұл шығарма Ж.Аймауытовтың белгілі «Ақбілегі». Бұл сөздер автордың шығарма кейіпкеріне арналған сөзі, автордың толғанысы. Авторы белгілі – Жүсіпбек Аймауытов. Бұл романды кейбір зерттеушілер тұңғыш психологиялық роман деп те атап жүр. Әрине бұл пікірге қосылуға болады. Автор шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекет барысында көрінетін көңіл-күй құбылыстарын өте көркем түрде суреттеген. Біз Ж.Аймауытовтың психология ғылымына байланысты жазған, яғни психология ғылымы жайында ең алғаш еңбек жазған ғалым екенін білеміз, ол әрине қазақ ғалымдары арасында. Автордың осы шығармада кейіпкерлер жан-дүниесін, мінез-құлқын керемет суреттегенін байқай аламыз.

Қазақ әдебиеттануында психологизм ұғымына алғаш назар аударғандардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы болды. «Қара сөзден адам тек ұғым алады дедік, ұғымның өзі керекті орынына қарай екі түрлі болады: 1) Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым. 2) Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, задын, сырын, сипатын, мүдетін, мұратын танимыз. Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз. Сондықтан қара сөзді әңгімелер екі жақты болып келеді бір жағы ес ұғымымен болады, екінші жағы іс ұғымымен болады» [2, 56]. Біз ес ұғымы арқылы шығарма кейіпкерлерін танимыз, яғни задын, сырын, сипатын, мүдетін. Мысалы Ш.Мұртазаның Ай мен Айша шығармасында – кейіпкерлер мінезі, мақсаты айқын берілген. Әр кейіпкерлер міне-зін іс-қимылдары арқылы танимыз.

Әрине, көркем шығарманы оқып отырғанымызда ондағы кейіпкерлердің жан дүниесі ғана емес, оқырманға табиғат құбылыстары, шығармадағы ауа-райы құбылыстары да әсер етеді. «Осы оймен келе жатқанымда, ап-ашық аспанды бұлт торлапты. Тәңіртау көрінбей қалды. Әуелі Шақпақ жақтан желдетіп барып, артынан себелеп жаңбыр жауды. Шаң тұтқан жусан мен дермен шөптің кермектеу иісі бүрк ете қалды. Бізді аяп адамдар төкпеген жасты аспан төкті. Аспан бәрін сезеді. Аспан бәрін көреді. Аспанның мейірімі түскен адам қор болмайды» [3, 166]. Бұл шығарма жолын оқып отырып, адам жан дүниесін табиғатпен беруі суреттелгенін байқаймыз. Шығармада панасыз қалған, қараусыз қалған Айшаның ауылынан көшіп бара жатқандағы осы сәтін автор – бір түннің ішінде ауылын тастап, туған жерінен алыстап кетіп бара жатқан шығарма кейіпкерлерінің жан-дүниесіндегі құбылыстарды табиғат құбылыстарымен көркем жеткізген десек қателеспейміз. Бұл құбылысты психологиялық параллелизм деп атасақ қателеспейміз. Б.Майтанов та дәл осы құбылысты психологиялық параллелизм деп атап көрсеткен болатын. Б.Майтанов көңіл-күй қозғалыстарын табиғат құшағынан алынатын теңеулер екенін айтып кеткен еді. Осыдан барып психологиялық параллелизм туады. Мысал келтіре кетсек: «Түнгі ашық аспан» – уайым сұйылта алмаған сұлулықты білдірсе, «құлпырып шешек атқан жазғы гүл» – ашық күнгі аспанда толқыған көк мұнарамен ассоциативті контраст түзеді» [4, 16]. Осы пейзаждық көріністер қуаныш пен қайғының, үміттің

символына айналған десек те қателеспеген болар едік.

Шығармада кейіпкердің ішкі жан дүниесі – күрделі иірімдерден тұрады. Сол иірімдерді-автор әсерілеп жеткізбесе, шығарма оқырман қауымға мүлде әсер етпейді. Оқырман ешқандай әсер алмайды, қайғырмайды да қуанбайды. Онда шығарманың көркі қаншалықты әсем, көрікті тілмен жазылған, болса да адам әсер ала алмаса – онда оқырман шығарманы қарапайым ғана тілде түсінеді. Мысалы ретінде әлемдік классика қатарына жататын, атышулы Оноре де Бальзактың «Шегірен былғары» романында: «Бейтаныс жігіттің көздері жұмылып, еріндері кезеріп кетті, бірақ сол сәтте-ақ, ол қабағын қайта ашты, қайтадан маржандай қызара бөрітіп, еріндеріне қан жүгірді. Ол өмірде мен білмейтін құпия сыр жоқ деп есептейтін ағылшынша, паң пішінде сәл кідірді де, көзден ғайып болды, түңіліске душар болған ойыншылардың қызық көре келгендерге жиі арнайтын жан күйзелтерлік көз қарасымен жұрттан жұбаныш тілегісі келмеді оның. Мінеки, бір секундтың ішінде қаншама оқиға түйдектелді! Ойын сүйектерінің жалғыз соққысының өзінде-ақ, қаншалық көп мән бар десеңізші!» Бұл әлемдік классикалық шығарманың бар құпиясы адамның көңіл-күйін дәл беруде. Бұл шығармадағы жас жігіттің талғажау ететін бар ақшасын ойынға ұттырып жіберген сәттегі күйі көркем бейнеленген. Автор осы оқиғаны жай ғана қарапайым тілмен: «Бір жас жігіт бар ақшасын ойынға ұттырып, ойынханадан шығып кетті» десе, оқырман одан ешқандай әсер алмайды. Осы жігіттің ақшаға мұқтаж екендігін байқай алмаймыз. Сол бір секундтың ішіндегі оқиғаны автор әдемілеп жеткізген десек, қателеспеген болар едік. Әрине Б.Майтановтың «психологизм сөз жоқ реализмге апарарды» дегенін ескерсек, сөз жоқ психологизм мен реализм қоса жүреді деген тұжырымға келген болар едік. Оған дәлел шығарма кейіпкерлерінің шығармадағы мінез-құлқы-өмірдегідей дәл берілуі, кейіпкер шығармада да жылайды, күледі, қайғырады, қуанады, күйіп-піседі, өмірде де дәл солай. Тек шығармада автор сол кейіпкердің сол сәттегі психологиялық күйін көркем тілде суреттеп, оқырманға әсер ететіндей дәл берілсе, бұл шығарманың жоғарғы деңгейдегі жетістігі екенін анық және айқын айта аламыз.

Көптеген ғалымдарымыз ғылыми сында психологиялық талдаудың аналитикалық, синтетикалық, динамикалық психологизм атты

ұғымдары бар екендігін дәлелдермен көрсете білді. М.Храпченко Н.Гоголь шығармаларын зерттеп, типологиялық психологизм ұғымын енгізгенін зерттеушілеріміз айтып жүр.

Синтетикалық тәсіл – қазақ әдебиетінде ертеден қалыптасқан. Бүгінгі таңдағы синтетикалық тәсіл жазушы идеясының жүзеге асуына қызмет етіп, жазушылық мақсат-мүддеге бағындырылады. Бұған дәлел портретті, қимыл-әрекетті алсақ, екеуі де ауыз әдебиетіндегі батырлар жырынан бастап, бүкіл әдебиеттегі кейіпкер, түр-тұлға, ой-санасын, мінез-құлқын танытуға алып келеді. Бұл аталған синтетикалық элементке қарама-қайшы, бірақ онымен өзектес сана ағымындағы күрделі толқындарды суреттеу, ішкі толғаныстарды көрсету, жан диалектикасын бейнелеу аналитикалық психологизм деп аталады.

Көптеген психологизм зерттеушілері әдебиеттегі психологизм – динамикалық, аналитикалық, синкреттік болып бірнеше түрге бөлінетінін дәлелдеп келді. Бұлардың бәрі көркем шығармаға тән бейнелеу құралдары. Дүние жүзінің әдебиетінің ішінде қазіргі қазақ әдебиеті де адамның жан дүниесіне терең үңіліп, оның ішкі қалтарыстарын, психологиясын көрсету жетпісінші, сексенінші жылдардағы прозадағы ерекшеліктердің бірі. Дүние жүзі әдебиетінде көркемдік шеберліктің бұл саласындағы табыстар Лев Толстой есімімен байланысты. Ресей әдебиетінде соңғы жылдары психологиялық талдау басты бағытқа айналды. Мұндай шығармаларда оқиға шиеленісуінен гөрі психологиялық қақтығыстар бірінші тұрады. Психологиялық тартыс арқылы кейіпкердің ішкі тебіренісі беріліп, жан сыры ашылады, адам мінезі дамиды.

Көркем шығармада бір емес, бірнеше адамның өмірі көрсетілетіні нақты құбылыс болып табылады. Сол адамдар өмірінде болып жатқан іс-әрекеттер адам жан-дүниесінің құбылысын ашады деп айтсам қателеспеймін. А.Н.Леонтьевтің мына тұжырымдамасына назар аударайық: «Сонда адам өмірі дегеніміз не? Бұл жиынтық, нақтырақ айтқанда, бірін-бірі алмастырып, отыратын іс-әрекеттер жүйесі. Іс-әрекетте объектінің субъективті формасына, образға өтуі жүзеге асырылып, сонымен қатар іс-әрекетте, сондай-ақ оның объективті нәтижелеріне, өнімдеріне айналуы орын алады» [5, 145]. Бұл психологтың айтпағы – адам өмірінде, оның істеген іс-әрекеттері негізгі орын алады. Бұл пікірге қосыла отырып, көркем шығармада бұл құбылыс ерекше орын алатынын айта